

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2014 жылғы 7 қазандағы № 238 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 қазанда № 5131 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 367 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 18.01.2016 № 367 шешімімен (қабылданған күннен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабының 2-тармағына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар **б е л г і л е н с і н .**

2. Мәслихаттың кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын: мәслихаттың 2010 жылғы 21 желтоқсандағы № 389 «Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласының азаматтық қызметшілеріне жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-14-143 тіркелген, 2011 жылғы 28 қаңтарда «**Арна**» газетінде жарияланған);

мәслихаттың 2013 жылғы 22 қазандағы № 137 «Мәслихаттың 2010 жылғы 21 желтоқсандағы № 389 «Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет саласының азаматтық қызметшілеріне жиырма бес процентке жоғары көтерілген лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды белгілеу туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімі (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4291 тіркелген , 2013 жылғы 15 қарашада «Арна» газетінде жарияланған).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ о с т а н а й а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң к е з е к т е н А. Жумагулов
тыс сессиясының төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК